

Әзірленіп жатқан қазақ даласындағы сот реформасы жайлы өз пікірін айта келіп, Шоқан реформаларды қоғамдық-тарихи процесті ескере отырып қоғамдық өмірдің түрлі факторларын зерттей келіп, қарастыру керек деп жазды. Қоғамдық реформа жүргізудің маңызын ескере келіп, Шоқан Уәлиханов әлеуметтік іс-шаралардың негізінде жатқан түрлі теорияларды сын көзбен қарау қажет екенін атап көрсетеді.

Шоқан реформаның таптық сипатын дәлелдей отырып, байлар мен кедейлердің мүддесі біріне-бірі қарама-қарсы деген пікір айтады. Қоғамның қозғаушы күші таптық күрес екенін танығандай дәрежеге жетпесе де, Шоқан патриархалдық-феодалдық қазақ қоғамының екі тапқа: бір жағынан сұлтандар мен билер, байлар мен қожалар болып, қазақ қоғамының мәртебелі тобына, екінші жағынан, Уәлихановтың «дала пролетариаты» деп өзі айтқандай кедейлер тобына бөлінетінін өте айқын көреді. Бұл таптардың мүдделері біріне-бірі мүлдем қайшы,- дейді Уәлиханов, «...Қоғамның мәртебелі топтарының пікірлеріне халықтың шын мәнісіндегі мұң-мұқтажына қарсы пікірлер деп қарау керек, өйткені атақты және бай адамдардың мүдделері, тіпті мәдениетті қоғамдардың өзінде де бұқараның, көпшіліктің мүдделеріне көбінесе жау болады» [1, 350 б], - деп жазады Шоқан.

Қазақтың ұлы ғалымы және ағартушысы Шоқан Уәлихановтың өз халқына білім беріп, мәдениетін өркендету және оны патша үкіметі мен бай-шонжарлардың езгісінен, өктем озбырлығынан азат етіп, бақытты өмірге жеткізу жөніндегі асыл армандары өзі қайтыс болғаннан кейін көп жылдан соң жүзеге асырылды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Көп томдық шығармалар жинағы [Мәтін] / Ш.Ш. Уәлиханов ; Қазақстан Республикасы мәдениет министрлігі ; Қазақ кеңес энциклопедиясының Бас редакциясы ; [ғылыми редактор К. Есмағамбетов ; жауапты редактор Б. Е. Көмеков ; құрастырушылар: В. Я. Басин [ж. б.] : аудармашылар: Т. Ж. Жұманов, Д. Б. Мәзең] . - 2-бас. , - Алматы : Толағай групп , 2010. - Мәдени мұра.- 3000 дана . - ISBN 978-601-280-066-1 (1-том), ISBN 978-601-280-065-4 (мүк.) - Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі "Мәдени мұра" мемлекеттік бағдарламасы. - Мырзатай Жолдасбеков қоры . Есімдер көрсеткіші: 360-365 б., этникалық көрсеткіш: 366-367 б., географиялық көрсеткіш: 368-372 б. 1-том . - 375 б., суретті 3. К. Маркс және Ф. Энгельс. Шығармалары, 12-том, 615-бет.

2. Шоқан Уәлиханов және оның замандастары [Мәтін] / Қ. Абуев ... - Алматы : Лантар Трейд, 2018. - 247 б.

АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ ТАРИХИ МАҢЫЗЫ ЖӘНЕ ИДЕЯЛАРЫНЫҢ ҚАЗІРГІ МӘНІ

Қалмахан Қ.Б.

Ғылыми жетекші: Қоскеева Әсемгүл Мұратқызы,
С. Сейфуллин атындағы ҚАТЗУ қауым. проф. м.а., PhD доктор.
koskeeva@mail.ru
Астана қ.

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басы қазақ халқының саяси, әлеуметтік және мәдени өмірінде түбегейлі өзгерістер орын алған күрделі кезең болды. Ресей империясының отарлық саясаты қазақ қоғамының дәстүрлі басқару және шаруашылық жүйесін әлсіретіп, ұлттық тұтастыққа тікелей қауіп төндірді. 1867-1868 жылғы әкімшілік реформалар қазақ даласын империялық басқару жүйесіне толық енгізіп, жердің «мемлекеттік меншік» деп жариялануы жер дағдарысын тереңдетті. Бұл кезеңде ұлттық сананың оянуы, білімге ұмтылыс және қоғамды жаңғырту идеясы алдыңғы қатарға шықты. Осындай тарихи жағдайда жаңа саяси элита - ұлттық зиялылар қалыптасты. Олар Еуропа мен Ресей университеттерінде білім алып, батыстық демократиялық идеялармен сусындады. Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатов, Жақып Ақпаев сияқты қайраткерлер қазақ қоғамының болашағын білім, мәдениет және саяси дербестікпен байланыстырды. Алаш қозғалысы - осы озық ойлы зиялылардың бастамасы ретінде пайда болып, қазақ халқының ұлттық мүддесін қорғауға бағытталған тарихи құбылысқа айналды. Қозғалыстың басты мақсаты - ұлттық автономия құру, қазақ жерінің тұтастығын сақтау, білім мен мәдениетті дамыту, құқықтық мемлекет қалыптастыру болды. 1917 жылы Алаш партиясының құрылуы және Алаш автономиясының жариялануы қазақ мемлекеттілігін жаңғырту жолындағы аса маңызды қадам болды. Қысқа уақыт өмір сүргеніне қарамастан, Алаш Орда үкіметі саяси ұйымшылдықтың, ұлттық жаңғырудың және мемлекетшілдік идеясының символына

айналды [1, 243 б]. Тәуелсіз Қазақстан жағдайында Алаш идеялары өзінің жаңа тарихи мәнге ие болды. Ұлттық жаңғыру, мемлекет тұтастығы, тіл саясаты, құқықтық реформалар, демократиялық институттарды дамыту секілді стратегиялық бағыттар Алаш зиялыларының мұрасымен сабақтасып жатыр. Осыған байланысты Алаш қозғалысының тарихи маңызын және оның идеяларының қазіргі кезеңдегі мәнін ғылыми тұрғыдан талдау - өзекті әрі қажетті мәселе.

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басы қазақ халқы үшін күрделі кезең болды. Ресей империясының отарлық саясаты, жер дағдарысы, дәстүрлі басқару жүйесінің әлсіреуі халықтың ұлттық санасын оятуға себеп болды. Осы жағдайда қазақ зиялылары жаңа саяси қозғалыс - Алаш партиясын құрды [1, 52 б; 2, 118 б].

1867-1868 жылдардағы әкімшілік реформалар қазақ жерін облыстарға бөліп, дәстүрлі билікті әлсіретті. Хандар институты жойылды, билер сотының өкілеті шектелді, жер мемлекет меншігіне алынды [1, 45 б]. Реформалардың нәтижесінде: жергілікті билік патша шенеуніктеріне тәуелді болды; халықтың саяси тәуелсіздігі шектелді; дәстүрлі билік институттары әлсіреді. Бұл факторлар қазақ зиялыларының саяси белсенділігін арттырды және Алаш қозғалысының тууына жол ашты [2, 87 б].

XX ғасырдың басында патша үкіметі қазақ жерін «қоныстандыру қоры» деп жариялап, ішкі Ресейден миллиондаған шаруаларды көшіру саясатын жүргізді [1, 102 б]. 1893-1913 жылдары қазақтардан алынған жер көлемі шамамен 45 миллион десятинаға жетті. Бұл: жайылымдардың азаюына; ауыл шаруашылығының қиындауына; әлеуметтік теңсіздіктің өсуіне; рулық және аймақтық қақтығыстардың күшеюіне әкелді [2, 94 б].

XIX ғасырдың соңында қазақ зиялылары Ресей мен Еуропада білім алып, демократиялық, құқықтық идеялармен танысты [1, 153 б; 3, 45 б]. Ұлттық интеллигенция өкілдері: Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатов, Жаһанша және Халел Досмұхамедов, Мұстафа Шоқай қоғамды ағарту, ұлттық тілде оқулықтар жазу, баспасөзді дамыту арқылы халықтың саяси санасын көтеруді мақсат етті [1, 125 б; 2, 118 б].

XX ғасырдың басында қазақ халқы: дауыс беру құқығынан шектелді, жер мен басқару мәселелерін шешу құқығынан айырылды, баспасөз пен мектептерге цензура күшейтілді [2, 201 б]. Қазақ зиялылары алғашқы саяси әрекеттерді жасады. Мысалы, 1905 жылғы Қарқаралы петициясында жерді қайтару, оқу-ағартуды дамыту, цензураны жеңу, қазақ тілінің мәртебесін көтеру сияқты талаптар қойылды [3, 52 б].

1905-1907 жылғы Ресей революциялық толқулары қазақ зиялыларының саяси белсенділігін арттырды. Олар Мемлекеттік Думаға депутат болып сайланып, ұлттық мәселелерді көтерді [1, 226 б]. Қазақ баспасөзі - «Айқап» журналы (1911-1915) және «Қазақ» газеті (1913-1918) - қоғамдық пікірталас орталығы болды. Басылымдар: жер мәселесін; оқу-ағартушылықты; әйелдердің білім алуын; ұлттық бірлікті көтерді [2, 275 б; 3, 87 б]. Отарлық саясат, жер дағдарысы, ұлттық интеллигенцияның қалыптасуы, саяси шектеулер мен баспасөздің дамуы - Алаш қозғалысының пайда болуына себеп болған негізгі факторлар болып табылады. Бұл қозғалыс қазақ халқының ұлттық сана-сезімінің оянуы мен тәуелсіздікке ұмтылысының нақты көрінісі болды [1, 243 б; 2, 104 б].

1917 жылғы Ресейдегі қос төңкеріс (Ақпан және Қазан оқиғалары) империя құрамындағы ұлттардың саяси белсенділігін күрт арттырды. Қазақ зиялылары да осы тарихи мүмкіндікті пайдаланып, ұлттық мүддені қорғайтын саяси ұйым құру жолына шықты. Алаш партиясының қалыптасуы қазақ халқының саяси тарихындағы жаңа кезең болды. Бұл кезеңді зерттеуші М. Қойгелдиев: «Алаш партиясының құрылуы - отарлық езгідегі халықтың ұлттық сана-сезімінің жоғары деңгейге көтерілгенінің дәлелі еді» деп жазады [1, 215-б.]. XX ғасырдың басында қазақ даласында білім алған, қоғамдық ой-санасы оянған жаңа интеллигенция тобы қалыптасты. Ә. Бөкейхан, А. Байтұрсынұлы, М. Дулатұлы бастаған ұлтшыл-демократ тұлғалар Ресей Мемлекеттік думасына қатысып, патша саясатына қарсы саяси тәжірибе жинады. Қойгелдиевтің көрсетуінше: «1917 жылға дейін қазақ зиялыларының қызметі баспасөз, ағарту және құқықтық күреспен шектелсе, Ақпан төңкерісінен кейін олардың алдына мемлекет құру мәселесі нақты қойылды» [1, 219-б.] 1917 жылғы 21-26 шілдеде Орынбор қаласында өткен Бірінші жалпықазақ съезі болашақ Алаш партиясының идеологиялық және ұйымдық негізін салды. Съезге Қазақстанның барлық облысынан 300-ден астам өкіл қатысты. Съезде мына мәселелер талқыланды: автономия, жер мәселесі, милиция (ұлттық әскер), білім беру, әйел теңдігі, партия құру идеясы. Съезд материалдарын зерттеген Т. Омарбеков былай дейді: «Бірінші жалпықазақ съезі - қазақ елінің ұлттық саяси элитасын ресми түрде қалыптастырған тарихи форум» [4, 76-б.]. Алаш партиясы 1917 жылдың қараша айында ресми түрде жарияланды. Нақты күн - 21 қараша, өйткені дәл сол күні партияның бағдарламасы «Қазақ» газетінде жарық көрді [3]. Бағдарлама жариялануы - партияның ресми құрылғанының айқын дәлелі. «Қазақ» газетінің өзінде: «Жаңа партия халықтың мүддесін қорғау үшін құрылып отыр» деп жазылды [3]. Партияның негізгі

жетекшілері - қазақтың саяси элитасы: Әлихан Бөкейхан - партия төрағасы, мемлекеттік деңгейдегі саясаткер; Ахмет Байтұрсынұлы - идеолог, ағартушы; Міржақып Дулатұлы - публицист және ұйымдастырушы; Ж. және Х. Досмұхамедовтер, М. Тынышпаев, М. Шоқай және тағы басқа ондаған қайраткерлер. Ә. Бөкейхан «Алаш» атауын таңдаудың себебін былай түсіндіреді: «Алаш - қазақтың тарихи бірлік ұраны. Партияның аты халықтың рухын көтеруі тиіс» [2, 118 б]. Партия федералдық-демократиялық Ресей құрамында ұлттық автономия құруды көздеді. Осы мақсатта облыстық және уездік комитеттер құрылды. М. Қойгелдиев атап көрсетеді: «Алаш партиясы құрылымы жағынан либералдық-демократиялық партияларға жақын болды. Оның бөлімдері қазақ даласының барлық аймағында ашылды» [1, 228 б]. 1917 жылдың соңына қарай Алаш партиясы қазақ халқының саяси еркін білдіретін жалғыз ұлттық ұйымға айналды. Оны қолдаушылар саны жүз мыңдап саналды. Тарихшы К. Нұрпейісов: «1917 жылдың соңында Алаш партиясы қазақ қоғамындағы ең ықпалды саяси күш болды» деп жазады [5, 301 б]. Партия тек саяси емес, әлеуметтік, құқықтық және мәдени мәселелерді де өз бағдарламасына енгізді. Бұл оның XX ғасырдағы қазақ саяси ойының ең жоғарғы көрінісі болғанын дәлелдейді. Осылайша, Алаш партиясының құрылуы қазақ ұлт-азаттық қозғалысының шарықтау кезеңіне айналды. Бұл партия: ұлттық сана-сезімді оятты; автономия идеясының негізін қалады; болашақ қазақ мемлекеттілігінің алғашқы моделін жасады. Қойгелдиевтің сөзімен айтқанда: «Алаш партиясы - қазақ мемлекеттілігінің жаңғыру дәуірін бастаған тарихи құбылыс» [1, 240 б].

Алаш партиясының 1917 жылы қабылданған бағдарламасы - қазақ халқының саяси, әлеуметтік және құқықтық дамуы тарихындағы ең маңызды құжаттардың бірі. Бағдарлама он бөлімнен тұрып, Ресейдің жаңа демократиялық жүйесінде қазақ халқының құқығы мен бостандығын қамтамасыз етуге бағытталған. Тарихшылардың пікірінше, бұл құжат қазақ қоғамының заманауи мемлекеттік үлгісі ретінде жасалған алғашқы саяси манифест болды [1, 266 б]. Бағдарлама мәтіні толықтай 1917 жылғы 21 қарашада «Қазақ» газетінің №251 санында жарияланды [3]. Осы басылым оның партияның ресми саяси бағыты екенін айқындады. Бағдарламаның алғашқы тармағы - автономия мәселесі. Алаш партиясы Ресейдің демократиялық федерациялық республика болуын, ал қазақ халқының осы федерация құрамында ұлттық-жерлі автономия құруын талап етті. Қойгелдиев бұл туралы: «Алаш автономиясы идеясы - қазақ мемлекеттілігін қайта жаңғыртудың саяси концепциясы» деп жазады [1, 271 б]. Бағдарламада автономияның маңызды белгілері ретінде: өз парламенті, өз үкіметі, өз сот жүйесі, милициясы, өзін-өзі қаржыландыру жүйесі көрсетілді. Бөкейхан Ресей Федерациясын АҚШ немесе Швейцария үлгісімен елестеткенін атап өтеді [2, 121 б]. Бағдарламада биліктің үш тармаққа бөлінуі принципі алғаш рет қазақ саяси ойында нақты тұжырымдалды: заң шығару билігі - халық сайлайтын парламентте, атқарушы билік - үкіметте, сот билігі - тәуелсіз сот жүйесінде. «Қазақ» газетінің жазуынша, «үкімет халыққа есеп беруі тиіс» [3]. М. Қойгелдиевтің бағалауы бойынша, бұл - қазақ қоғамындағы алғашқы демократиялық басқару моделінің жобасы [1, 279 б]. Жер мәселесі - қазақ халқы үшін басты стратегиялық мәселе. Бағдарламада: қазақ жері алдымен қазаққа үлестірілуі, жер сатуға тыйым салынуы, ауылға қажетті шабындық, қыстау, жайлау толықтай анықталып берілген соң ғана қалған жер мемлекет қорында қалуы тиіс делінген. Бұл тармақты Қойгелдиев былай бағалайды: «Жерді сатуға тыйым салу - қазақты жерінен айырудың алдын алу үшін жасалған ең батыл қадам» [1, 273 б]. «Қазақ» газетіндегі түпнұсқа мәтінде: «Жер сыбағасы алдымен қазаққа берілсін. Артық жер болмаса, переселен тоқтатылсын» [3]. Партия бағдарламасы сот билігінің әділ, айқын және ұлттық негізде жүргізілуін талап етті. Сот ісі халықтың өз тілінде жүргізілуі тиіс. Т. Омарбековтың пікірінше: «Сот жүйесінде қазақтың билер сотының тәжірибесі мен Еуропалық құқық нормалары үйлестірілді» [4, 92 б]. Соттардың негізгі қағидалары: заң алдында бәрі тең; ұлттық ерекшеліктер ескеріледі; ар-ождан, жеке бас бостандығы қорғалады. Бағдарламада дін мемлекеттен бөлініп, азаматтардың діни сеніміне еркіндік берілуі тиіс деп жазылды. Сонымен қатар: қазақтардың діни істері өздеріне берілуі; қазақ мүфтилігін құру; діни мектептерді жаңарту ұсынылды. Қойгелдиев бұл тармақты: «Дін саясаттан тыс, таза рухани сала болып қалуы керек деп шешті» [1, 281 б] - деп түсіндіреді. Партия әскерді жергілікті негізде құруды қолдады. Бұл - болашақ ұлттық армияның алғашқы концепциясы. «Қазақ» газеті: «Милиция жергілікті халықтан жасақталсын, ел тыныштығын өз адамдары қамтамасыз етсін» деп жазды [3]. Тарихшы К. Нұрпейісов мұны Алаш армиясының идеясын даярлаған бөлім ретінде қарастырады [5, 318 б]. Салық әділетті түрде, азаматтардың мүлктік жағдайын ескере отырып алынуы тиіс. Бөкейханның пікірінше: «Салық бай-кедейге қарай әділ бөлінгенде ғана қоғамда теңдік орнайды» [2, 137 б]. Бағдарламада: оқу ана тілінде жүргізілуі, бастауыш білім міндетті, орта және жоғары мектептер ашылуы, ұлттық оқулықтар жасалуы, ғылым мен мәдениетті дамыту қажет екені айтылды. Қойгелдиев бұл бөлімді: «Алаш зиялыларының ағартушылық бағытының саяси деңгейге көтерілуі» [1, 289 б] - деп бағалайды. Бағдарлама жұмысшылардың әлеуметтік жағдайын жақсартуға бағытталған. Негізгі тармақтар: жұмыс уақыты 8 сағат, еңбекақы әділ төленуі, әйелдер еңбегі мен балалар еңбегін

қорғау, кәсіподақтар құру. Бұл бөлім сол кезеңдегі демократиялық әлемдегі нормалармен бір деңгейде болды. Партия сөз және баспасөз еркіндігін толық қолдады. «Қазақ» өзі осы принциптің нақты көрінісі болды. Алаш партиясының бағдарламасы - қазақ халқының мемлекеттік даму жолын анықтап берген стратегиялық құжат. Онда: автономия, демократия, құқықтық мемлекет, әлеуметтік әділдік, ұлттық мәдениет пен тіл, экономикалық дербестік сияқты маңызды идеялар көрініс тапты. К. Нұрпейісовтың сөзімен айтқанда: «Алаш бағдарламасы - қазақтың XX ғасырдағы ұлттық манифесі» [5, 329 б].

Алаш қозғалысы - XX ғасырдың басындағы қазақ тарихындағы ең күрделі әрі шешуші кезеңдердің бірі. Оның саяси, мәдени және әлеуметтік бағыттағы қызметі қазақ халқының ұлттық санасының жаңғыруына, мемлекеттілік идеясының қайта тууына және ұлттық элитаның қалыптасуына үлкен ықпал етті. Тарихшылардың барлығы дерлік Алаш қозғалысын «қазақтың жаңа дәуірі» деп бағалайды [1, 310 б]. Алаш қозғалысының пайда болуына дейін қазақ қоғамында біртұтас саяси элита болмаған еді. Алаш зиялыларының ең үлкен еңбегі - қазақтың саяси көшбасшыларын қалыптастыру. Олардың қатарында Ә. Бөкейхан, А. Байтұрсынұлы, М. Дулатұлы, М. Тынышпаев, Х. Досмұхамедов, Ж. Ақпаев, М. Шоқай сияқты ұлы тұлғалар болды. М. Қойгелдиев: «Алаш қозғалысы ұлттық элитаның қалыптасу процесін тездетіп, оның халық алдындағы тарихи жауапкершілігін арттырды» деп жазады [1, 328 б]. Бұл зиялылар: парламент деңгейінде сөз сөйлеген, реформалық жобалар жасаған, ұлттық баспасөзді басқарған, халыққа білім берген, автономия идеясының теориялық негізін жасаған. Алаш қозғалысы қазақ зиялыларының қоғамдық ойды басқару дәстүрін қалыптастырды. Алаш - қазақ жерінде заманауи ұлттық мемлекеттілік идеясын алғаш көтерген қозғалыс. К. Нұрпейісов былай деп жазады: «Алаш партиясы қазақ халқының тарихи дамуындағы алғашқы саяси мемлекеттік жобаны жасады» [5, 336 б]. Алаш автономиясы: шекарасы анықталған, өз парламенті бар, заң шығара алатын, салық жинайтын, әскер құратын, сот жүйесі бар ұлттық мемлекет моделі болды. Бұл жоба 1917-1920 жылдары нақты іске асырылып, Алашорда үкіметі мен жергілікті бөлімдері жұмыс істеді. Алаш қозғалысы қазақ жерінде: демократиялық басқару, зайырлы мемлекет, құқықтық жүйе, экономикалық реформалар, зайырлы білім беру сияқты заманауи өркениеттік құндылықтарды енгізді. Ахмет Байтұрсынұлы: «Елді түзетудің жолы - халықтың сауатын ашу» деп жазды [2, 190 б]. Алаштың бастамасымен: жаңа оқулықтар жасалды, ұлттық мектептер ашылды, ғылым тілінің негізі қаланды, қазақ терминологиясы қалыптасты. М. Қойгелдиевтің айтуынша: «Алаштың ағартушылық жобасы қазіргі Қазақстанның білім жүйесінің тарихи негізіне айналды» [1, 345 б]. Алаш зиялылары ең алдымен жерді сақтау, ұлттық тілдің мәртебесін көтеру, мәдениетті жаңғырту мәселелеріне ерекше назар аударды. Олар жерді сатуға тыйым салып, қазаққа алдымен жер беруді ұсынды. «Жер - мемлекеттіліктің тірегі» деген қағида Алаш үшін негізгі идеологиялық ұстаным болды [3]. Алаш тілі - қазақ тілі. А. Байтұрсынұлы «тіл - ұлттың жаны» екенін атап көрсетіп, жазуды реформалап, қазақ тіл ғылымының негізін салды [2, 210 б]. Алаш қайраткерлері: театр ашуды, қазақ әдебиетін дамыту, ұлттық баспасөзді күшейту сияқты мәдени бағдарламаларды жүзеге асырды. «Қазақ» газеті - ұлттық мәдениеттің, әдебиеттің, саяси пікірдің орталығына айналды. 1918 жылы құрылған Алашорда үкіметі қысқа уақыт жұмыс істесе де, нақты мемлекеттік институттарды құруға тырысты: милиция (ұлттық әскер) жасақталды, жергілікті басқару жүйесі ұйымдастырылды, мектептер ашылды, салық жиналды, тәртіп орнатылды. Т. Омарбеков былай дейді: «Алашорда - қазақ мемлекеттілігінің XX ғасырдағы алғашқы көрінісі» [4, 114 б]. Алаш көсемдері большевиктермен одаққа бармады, бірақ азамат соғысы жағдайында халықты аман сақтап қалу үшін олармен уақытша келісім жасады. 1920 жылдардан кейін қозғалыс таратылып, өз қайраткерлері қуғынға ұшырады. Алайда Нұрпейісов атап өткендей: «Идея өлмейді. Алаш идеясы кеңестік жүйенің өзіне үлкен мәдени және интеллектуалдық ықпал етті» [5, 355 б]. Алаш қозғалысының тарихи маңызы - бүгінгі тәуелсіз Қазақстанмен тікелей байланысты. Қазақстан Республикасының: мемлекеттік тіл, жер тұтастығы, демократиялық құрылым, зайырлы мемлекет деген негізгі құндылықтары Алаш бағдарламасымен үндес. Алаш зиялыларының ағартушылық, ғылыми, саяси қызметі қазіргі қазақ элитасының қалыптасуына үлгі болды. Кеңес кезеңінде тыйым салынса да, Алаш идеясы халық санасынан жойылмады. Қойгелдиев: «Алаш - тәуелсіздікке апаратын жолдың рухани баспалдағы болды» [1, 372 б]. Алаш қозғалысының тарихи рөлі мынада: ол қазақ халқын саяси және ұлттық деңгейде біріктірді; автономия идеясын шынайы саяси бағдарламаға айналдырды; қазақ мемлекеттілігінің негізін қалады; құқықтық, демократиялық және зайырлы қоғам үлгісін ұсынды; ұлттық мәдениет, тіл және білім жүйесін жаңғыртты; отарлық езгіге қарсы ұлттық пікірді қалыптастырды. Нұрпейісовтің сөзімен айтқанда, «Алаш - XX ғасырдағы қазақ руханиятының ең биік шыңы» [5, 359 б].

Алаш қозғалысы қазақ тарихындағы ең маңызды ұлттық-демократиялық құбылыс болып саналады. Бұл қозғалыстың тарихи маңызы мен идеялары бірнеше негізгі бағытта көрінеді. Біріншіден, Алаш зиялылары қазақ қоғамын саяси тұрғыдан оятты, ұлттық сананы қалыптастырды және

мемлекеттілік идеясының алғашқы нақты моделін ұсынды [1, 310 б]. Екіншіден, білім мен мәдениет, тіл саясаты, құқықтық жүйені жаңғырту сияқты стратегиялық бағыттар арқылы ұлттық дамудың интеллектуалдық және рухани негізін қалдырды [1, 345 б]. Алаш қозғалысының бағдарламасы мен Алашорда үкіметінің қызметі тәуелсіз Қазақстанның мемлекеттік құрылымына, құқықтық және саяси жүйесіне, демократиялық және зайырлы құндылықтарына тікелей әсер етті. Ұлтты біріктіру, жер мен тілді қорғау, білім мен мәдениетті дамыту мәселелерінде Алаш идеялары бүгінгі таңда да өзектілігін жоғалтқан жоқ. Сонымен қатар, Алаш қозғалысы қазақ қоғамының саяси тәжірибесін байытып, ұлттық элита мен интеллигенцияның қалыптасуына ықпал етті. Тарихи қысқа мерзімде жұмыс істегенімен, оның идеялары мен бастамалары халық санасында өшпейтін рухани мұра ретінде қалды. Қазіргі Қазақстанда жүргізіліп отырған тіл саясаты, құқықтық реформалар, мәдениет пен білімді дамыту, жер мәселелерін шешу бағытындағы мемлекеттік іс-шаралар - барлығы да Алаш қозғалысының рухани сабақтастығы мен тарихи мұрасын көрсетеді [5, 359 б]. Осылайша, Алаш қозғалысы - тек өткеннің тарихи естелігі емес, қазіргі Қазақстанның дамуы мен ұлттық бірлігінің, мемлекеттіліктің рухани негізі болып қала береді. Оның идеялары ХХІ ғасырдағы ұлттық сана мен мемлекеттілікті нығайту жолындағы маңызды бағдар болып отыр, ал Алаш зиялыларының еңбегі - қазіргі тәуелсіз Қазақстанның дамуына, оның мәдени, саяси және әлеуметтік құрылымына үлгі болып қызмет етеді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. - Алматы: Санат, 1995.
2. Байтұрсынұлы А. Шығармалары. - Алматы, 1989.
3. «Қазақ» газеті, №251, 21 қараша 1917 ж.
4. Омарбеков Т. ХХ ғасырдағы Қазақстан тарихы. - Алматы, 2010.
5. Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. - Алматы, 1995.

АБАЙ ӨҢІРІНДЕГІ ЖЕР-СУ АТТАРЫ: ТАРИХИ ТҮЛҒАЛАР МЕН ОҚИҒАЛАРДЫҢ КӨРІНІСІ

Қанатұлы Д., Қабылбекұлы Е.

Ғылыми жетекшісі: аға оқытушысы, PhD Молдахмет А.А.

Астана Халықаралық Университеті.

erasilkabilbek@gmail.com dinmukhamedkanatuly056@gmail.com

Астана қ.

Абай өңірі - қазақ мәдениетінің, руханиятының, әдеби мұрасының алтын бесігі болған аймақ. Бұл өңірдегі жер-су атаулары тарихи жадының, қоғамдық қатынастардың, ру-тайпа құрылымының тілдік көрінісі ретінде маңызды рөл атқарады. Әсіресе, антропотопонимдердің көптеп ұшырауы қазақтың жерге меншіктік қатынасын, белгілі тұлғаларды құрметтеу дәстүрін және сол кезеңдегі көшпелі тіршіліктің ерекшеліктерін айқын көрсетеді. Бұрынғы зерттеулерде қазақ антропонимдерінің этимологиясы, әлеуметтік қызметі жан-жақты қарастырылғанымен, Абай өңірінің антропотопонимдері жеке ғылыми жүйеге түсірілмеген. Осы олқылықты толықтыру мақсатында бұл мақалада антропотопонимдердің қалыптасу заңдылықтары, олардың құрылымы, табиғаты талданады. Зерттеудің өзектілігі өңірдің тарихи жады мен ономастикалық кеңістігі арасындағы байланысты көрсету, антропотопонимдердің мәдени-рухани мәнін ашу болып табылады. Зерттеу материалдарына Абай облысының қазіргі және тарихи карталары, архив құжаттары, этнографиялық еңбектер және «Абай жолы» секілді көркем шығармалар алынды. Сонымен қатар, өңірдің шежірелік деректері мен ру-тайпаларға қатысты жазбалар салыстырылып қарастырылды. Әдіснамалық тұрғыдан салыстырмалы-тарихи талдау антропотопонимдердің шығу төркінін анықтауда тиімді болды.

Сипаттамалы әдіс атаулардың құрылымдық ерекшеліктерін айқындауға мүмкіндік берді. Этимологиялық талдау арқылы жекелеген атаулардың тарихи негізі, мағыналық уәжі ашылды. Интерпретациялық талдау әдеби шығармалардағы топонимдердің қызметін түсіндіруге қолданылды. Осы әдістер кешені арқылы топонимдердің семантикалық, лингвистикалық, тарихи аспектілері жан-жақты зерделенді. Әдістердің жүйелі қолданылуы зерттеудің объективтілігін қамтамасыз етті. Зерттеу барысында Абай өңіріндегі антропотопонимдердің негізгі бес семантикалық тобы айқындалды:

1. Тікелей адамның есіміне негізделген атаулар: Ақымбет, Алшынбай, Ералы. Бұл атаулар көбіне жердің нақты иесін білдірген.